

С.Оразалин атындағы ЖОББМ-нің 2021-2022 оқу жылындағы психологиялық қызметтің жылдық атқарылған жұмыстарының талдауы

Қыркүйек айының екінші аптасында жоспарға сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында «Кер Ийерасик тесті» өткізілді. Зерттеуге 1 «А», 1 «Ә» сыныптарынан 30 оқушы қатысты. Нәтижесінде қорытындылар сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, оқушылардың мектепке дейінгі дайындық дәрежесін арттыру бойынша ұсыныс, кеңестер берілді.

«Кер Ийерасик» 1 «Ә» сыныбы



Кер Ийерасик тесті 1 «А» сыныбы



Сонымен қатар, 1 «А», 1 «Ә» сыныптарына «**Менің класым**» жобалау мақсатында сынып оқушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын және сынып жетекшісімен қарым-қатынасын анықтау тесттері жүргізілді. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бірқалыпты ниеттелген, бейімделмеген оқушы анықталмады.

Қыркүйек айының екінші аптасында мектеп ұжымына «Отбасы күніне» арналған «**Бала өмірдің гүлі**» атты ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында тренинг өткізілді.



1-4 сыныптар бойынша «Атомдар мен молекулалар», «Мен қандаймын?», «Менің көңіл-күйім» тақырыбында сергіту жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде онлайн режимде білім алған оқушылардың қызығушылығы оянып, белсенділік танытты.

Жасөспірімдердің мектепке деген сүйіспеншілігі оянып, көңіл-күйлері көтерілді. Бұл өз кезегінде эмоционалдық жай-күйін сақтауда өзгеріс алды.

Қазан айында оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында 5 сынып оқушыларына Н.Г.Лускановтың «Менің класым» әдістемесі жүргізілді. Кластың барлық оқушылары қатысып, нәтижесінде сынып оқушыларының бір-бірімен және сынып жетекшісімен қарым-қатынасы нығайды.

Қорытындылай келе, сынып оқушыларының арасында класішілік бөліну, өзара түсінбестік жоқ екендігі анықталды.



Қазан айының екінші аптасында 10-сынып оқушыларына оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканованың оқу мотивациясы әдістемесі жүргізілді. Сауалнамаға кластың барлық оқушы қатысып, сауалнама сұрақтарына жауап берді. Барлығы- 18 оқушы. **Нәтижесінде** 20-30 жоғары, 10-19 орта, 0-9 төмен болды.


20-30 ұпай аралығында 4 оқушы жинады, мектепке жоғары деңгейде бейімделген. 10-19 ұпай аралығында 14 оқушы жинады, мектепке және сынып жетекшісіне жақсы бейімделген.

8,9,10,11 сынып оқушыларына депрессия, мазасыздық және стресс деңгейлерін анықтау мақсатында DASS сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 70 оқушы қатысты. Қорытындысында депрессия, мазасыздану, стресс күйінде жүрген оқушы анықталған жоқ.

5-6 сынып оқушыларына «Мереке» психологиялық акциясы жүргізілді. Оқушылар мейрам күндерінен бөлек өздері бір мереке күнін белгілеп, оған атау беріп қорғап шықты. Нәтижесінде білім алушылар мектепке деген қызығушылығы артты.

Қараша айында бастауыш сынып мұғалімдерімен «Құпия дос» психологиялық акциясы жүргізілді. Ұжымның бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері белсене қатысып, бір-біріне арнап сыйлықтар арнады. Бұл өз кезегінде мектеп ұжымының өзара ынтымақтастығының нығаюына себеп болды.

8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық» тақырыбында ауылдық амбулатория дәрігері генеколог-акушер Жубаниязова С. ерте жүктіліктің, ерте жыныстық қатынастардың және жасанды түсік жасатудың зияны туралы мақсатты ұстана отырып, кездесу ретінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Қараша айында 6-9 класс оқушылары арасында Зунг шкаласы (Т.И.Балашованың бейімделуі бойынша) депрессия жағдайлары және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау, жаппай зерттеулер кезінде және алдын ала, дәрігерге дейінгі диагностика, скринингтік диагностикасын қарау мақсатында сауалнама жүргізілді. Класс оқушылары 20 сұрақтан тұратын ықтимал жауаптары көрсетілген бланктер тарату арқылы орындады. Сауалнама нәтижесі бойынша: Оқушылардың сауалнамадағы ұпайлары мазасыздықтың төмен көрсеткішін көрсетті. «**Мен және менің ортам**» оқшауланудың алдын-алу мақсатында 5-7 оқушыларына тренинг ұйымдастырылды. 8-11 кластар арасында мұғалімдер мен оқушылар арасындағы адамгершілікті, ынтымақтастықты, сыйластықты, сүйіспеншілікті, мейірімділікті нығайту мақсатында «**Құпия дос**» шығармашылық жұмысы ұйымдастырылды. Шығармашылық жұмысымызды бастарда оқушылар мен мұғалімдер арасында көңілді тренинг, жаттығулар ұйымдастырылып оқушылар мен мұғалімдер жеребе бойынша өздеріне түскен оқушы мен мұғалімге жақсылық, қамқорлық, жасауы біп аптада міндеттелген болатын. Нәтижесінде, ұйымдастыру шарасы барысында уақыттың аздығына да қарамай қызықты жағдайлармен де кезектік бір-біріне деген жылы лебіздердің жақсылық, қамқорлықтың куәсі болдық. Шара соңында мұғалімдер мен оқушылар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне құпия түрде жасаған жақсылықтарын айтып, барлығы өз пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірді.

5-9 сынып бойынша «Құпия дос»





10-11 сынып бойынша «Құпия дос»



Желтоқсан айында 10-11 кластар аралығында реактивті мазасыздық деңгейін зерттеу және (тұлға мазасыздығы) мазасыздықтың деңгейін анықтау мақсатында Ч.Д.Спилбергтің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша сауалнама жүргізілді. Тестілеу нәтижесінде 10-11 класта мазасыздық деңгейі жоғары оқушылар анықталмады. кәсіптік бағдар беру мақсатында 9-сыныпқа «Климов әдістемесі жүргізілді, оқушылардың қандай мамандықтарға бейім екендері анықталды.

«Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.



Желтоқсан айының соңғы аптасында 3-6 сыныптарда, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Сәмкесіз 1 күн» психологиялық акциясы өтті.

Қаңтар айында 1-4 сыныптарға Т.В.Артемяеваның «Тыңда және орында», «Бұзылған елефон», «Корректуранық тапсырмалар» жүргізілді. 9-11 сынып оқушыларына емтиханда кездесетін қиыншылықтарды жеңу мақсатында «Етихан іскерлік» ойыны жүргізілді. Сонымен қатар 5-8 сыныптар аралығында «Ұйқыдағы қала» психологиялық жобалық-ойын жүргізілді. Ата-аналармен кездесулер, түрлі тренингтер, кеңестер берілді. Сонымен қатар, 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг сабақ, түрлі тренингтер, жаттығулар жүргізіліп, кеңестер берілді.



Ақпан айында баланың отбасымен қарым-қатынасын бақылау мақсатында, 4-сынып оқушыларына Панфилованың «Кактус» әдістемесі жүргізілді. 1-4 сыныптарға Т.В.Артемяеваның «Жасырын тұрған сөзді тап», «Аспан-жер-су» ойыны, «Барлығын еске түсіру» ойындары жүргізілді.



Наурыз айында 1-4 сыныптарға Т.В.Артемяеваның «Сөйлемдерді құрастыру» ойыны, «Сәйкестендіру» ойындары өтті. Сонымен қатар 1-11 сыныптар арасында «Би терапиясы» өтті.

Сәуір айында 4-сынып оқушыларына танымдық процестерді зерттеу мақсатында Замбацавиченің әдістемесі жүргізілді. Білім алушылардың эмоционалды жағдайын бақылау мақсатында бастауыш сыныптардан Т.В.Артемяеваның «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Айна», «Кәсіпқой», «Қағаздан жасалған қар» (агрессияны төмендетуге арналған), «Болашақ чемпиондар», «Апельсин», «Түсіру», «Әр түрлі кейіпкерлер» жаттығулары жүргізілді. 5-8 сыныптарда, 1-4 сыныптарда кинезиология жаттығулары жүргізілді.

Мамыр айында 5-8 сыныптарда оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Пикник» психологиялық акциясы өтті. 9, 11 сыныптар, а топтық және жекелей кеңестер берілді. 11-сынып оқушыларының ата-аналарына топтық жұмыстар, кеңестер берілді.



Мамыр айының 16.05-23.05 аралығында «Балалық шақтың аспаны» тақырыбында мектеп психологымен әлеуметтік педагогының ұйымдастыруымен апталық өтті. Апталық кезінде түрлі сайыстар, психологиялық акциялар, тренингтер, ойындар жүргізілді. Атап айтсақ «Кино терапия», «Кім шапшаң?», «Пикник», «Менің бақытты отбасым», «Сөмкесіз 1 күн» акциялары ұйымдастырылды. Оқушылар апталыққа белсене қатысып, апта соңында түрлі марапаттарға ие болды.



Мамыр айының 26-шы жұлдызында ауландық «Жыл психологі-2022» байқауына қатысып, жүлделі I орынмен марапатталдым.



Девиантты	Зауыт полиция	Мектепшілік	Тәуекел тобына	Бақылауға
-----------	---------------	-------------	----------------	-----------

мінез-құлықты оқушылар	бөлімінде септе тұрған оқушылар	есепте тұрған оқушылар	алынған оқушылар	алынған
жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

2021-2022 оқу жылының «Сенім жәшігіне» келіп үскен мәліметтерді тіркеуге алынып,қойылған сауал,сұрақтары бойынша жауаптар қайтарылды.

С.Оразалин атындағы ЖОББМ	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
	0	1	0	1
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
1	0	2	0	0

Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологі өз жауабын беріп, кеңестер берді.

Мектеп психологы: Кенжегалиева Ж.А